

ОРМАН ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ МҰҚТАЖЫНА АРНАЛМАҒАН ОРМАНДЫ (ТОҒАЙЛЫ) ЖЕРЛЕРДІ АЛУ БАРЫСЫНДА ОРМАН ШАРУАШЫЛЫҒЫ ӨНДІРІСІНІҢ ШЫҒЫНДАРЫН ӨТЕУ НОРМАТИВТЕРІН БЕКІТУ ТУРАЛЫ

Күшін жойған

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МИНИСТРЛЕР КАБИНЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ
1994 жылғы 4 сәуір N 324. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің
1997.03.04. N 299 қаулысымен. ~P970299

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің "Қазақстан Республикасының Жер кодексіне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңын және Қазақстан Республикасының "Шаруа қожалығы туралы" Заңын күшіне енгізу туралы" 1993 жылғы 8 сәуірдегі N 2092а-ХІІ қаулысына сәйкес, орман қорларының жерлерін алу барысында орман иеленушілер мен орман пайдаланушылардың залалдары мен шығындарын толық көлемінде өтеу, сондай-ақ ормандарды, орман шаруашылығы өндірісінің қажетті көлемі мен ормандылықтың нормативті деңгейін сақтау мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Орман шаруашылығының мұқтажына арналмаған орман қорларының жерлерін алу барысында орман иеленушілер мен орман пайдаланушылардың залалдарын, сондай-ақ орман шаруашылығы өндірісінің шығындарын өтеу тәртібі Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Ауыл шаруашылығының мұқтажына арналмаған ауыл шаруашылық алаптарын алу барысында жер иеленушілердің, жер пайдаланушылардың, жалгерлердің шығындарын және ауыл шаруашылық өндірісінің залалдарын өтеу тәртібі туралы Ережені бекіту туралы" 1993 жылғы 30 қыркүйектегі N 978 қаулысымен (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1993 ж., N 40, 470-бап) бекітілген ауыл шаруашылығының мұқтажына арналмаған ауыл шаруашылық алаптарын алу барысында жер иеленушілердің, жер пайдаланушылардың, жалгерлердің залалдарын және ауыл шаруашылық өндірісінің шығындарын өтеу тәртібі туралы Ережемен анықталатын болып белгіленсін.

2. Орман шаруашылығының мұқтажына арналмаған орманды (тоғайлы) жерлерді алу барысында орман шаруашылығы өндірісінің шығындарын өтеу Нормативтері N 1 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

Орман қорының орманды емес (тоғайсыз) жерлерін алу барысында орман шаруашылығы өндірісінің шығындарын өтеу ауыл шаруашылығының мұқтажына арналмаған ауыл шаруашылық алаптарының орнына алынатын жаңа

жерлерді игеру құнының Нормативтері бойынша (Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 30 қыркүйектегі N 978 қаулысына N 1 қосымша) жүргізіледі.

3. Қазақстан Республикасы Экология және биологиялық ресурстар министрлігінің Орман шаруашылығы комитетіне бағаны тоқсан сайын индекстеу жөніндегі мемлекеттік статистика деректері негізінде қажеттілікке орай бекітілген нормативтерді анықтау құқы берілсін.

4. Орман шаруашылығының мұқтажына арналмаған алынған орманды (тоғайлы) жерлердің қорғаныштық категорияға жатқызылуына қарай орман шаруашылығы өндірісінің шығындарын өтеу нормативтеріне N 2 қосымшаға сәйкес коэффициенттер белгіленсін.

5. Орман шаруашылығының мұқтажына арналмаған орманды жерлер (ауыл шаруашылығына пайдаланылатынын қоспағанда) уақытша пайдалануға немесе жалға берілген жағдайда орман шаруашылығы өндірісі шығынының мөлшері шығындарды өтеу нормативтеріне процентпен есептеледі.

Бұл орайда 3 жылға дейінгі уақытша пайдаланған немесе 10 жылға дейін жалға алынған әр жыл үшін белгіленген нормативтің 5 проценті қоса алынады. 11 жылдан 20 жылға дейінгі жалға алған жылдардың әр жылы үшін 2 процент, 21 жылдан және одан арғы жылдар үшін 1 процент алынады.

6. Орман шаруашылығы өндірісінің шығындарын өтеуге арналған қаржы тиісінше Қазақстан Республикасының Ұлттық банкінде және оның облыстық басқармаларында ашылатын Қазақстан Республикасы Экология және биологиялық ресурстар министрлігінің Орман шаруашылығы комитетінің арнаулы шотына 20 процент мөлшерінде және орман шаруашылығы басқармасы облыстық органдарының арнаулы шотына 80 процент мөлшерінде аударылады.

7. Орман шаруашылығының мұқтажына арналмаған орман қорының жерлерін алу немесе оларды уақытша ала тұру барысында орман шаруашылығы өндірісінің шығынын өтеуге арналған қаржы пайдаланылатын жұмыстар түрінің тізбесі N 3 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

8. Орманды жерлерді қорықтар, заказниктер, мемориалдық, ұлттық, зоологиялық және дендрологиялық парктер; ботаникалық бақтар, сорт сынау учаскелері; орман шаруашылығы, ауыл шаруашылығы және биологиялық саладағы ғылыми-зерттеу, оқу орындарының тәжірибелік алаңдары; жеміс және орман питомниктері; тұрақты ағаш көшеттерінің плантациялары мен учаскелері үшін, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 30 қыркүйектегі N 978 қаулысымен

бекітілген ауыл шаруашылығының мұқтажына арналмаған ауыл шаруашылық

алаптарын алу барысында жер иеленушілердің, жер пайдаланушылардың, жалгерлердің шығындарын және ауыл шаруашылық өндірісінің залалдарын өтеу тәртібі туралы Ереженің 29-тармағында көзделген жағдайда алу барысындағы орман шаруашылығы өндірісінің шығындары өтелмейді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің

1994 жылғы 4 сәуірдегі

№ 324 қаулысына

№ 1 қосымша

Орман шаруашылығының мұқтажына арналмаған орманды (тоғайлы) жерлерді алу барысында орман шаруашылығы өндірісінің шығындарын өтеу

НОРМАТИВТЕРІ

| Рет ! | Орман түрлерінің топтары | ! Орман шаруашылығы |
|--------|--------------------------|---------------------|
| саны ! | ! өндірісі | |
| ! | ! шығындарының | |
| ! | ! мөлшері, теңге/га | |

| 1 ! | 2 | ! | 3 |
|-----|---|---|---|
|-----|---|---|---|

- | | |
|---|--------|
| 1. Ақ сексеуілді және қара сексеуілді | 1066,4 |
| 2. Тянь-Шань ормандарындағы құрғақ байырғы қайыңдықтар; Тянь-Шань құрғақ байырғы көктеректері: Ұзына бойы созылған қарағайлардың құрғақ өндірістік көктеректі тоғайлары | 2012,2 |
| 3. Шөлейт аймақтардағы су жайылмалы ормандары; Аралдардағы қарағайлардың құрғақ өндірістік көктеректі тоғайлары | 2628,4 |
| 4. Ылғалды шоқ қайыңдықтар, ойпаң жердегі қайыңдықтар | 3293,6 |
| 5. Қазақтың шағын адырлы аса құрғақ қарағайлы ормандары; жас және дымқыл шоқ ағашты көктеректі тоғайлар | 4056 |
| 6. Дымқыл шоқ ағашты қайыңдықтар | 4711,2 |
| 7. Қазақ Алтайындағы қалың шөпті және қырыққұлақты өндірістік көктеректі тоғайлар; | 5431,8 |

- Қалба тауындағы аса құрғақ қарағайлар;
жартылай шөлейт аймақтардың су жайылмалы ормандары
8. Ұзына бойы созылған қарағайлардың жас байырғы, 6193
жас және ылғалды көктеректі тоғайлары
9. Аралды қарағайлы тоғайлардың ылғалды байырғы, 6974,2
жас, ылғалды қайыңдықтары;
Таудағы бұталы өндірістік көктеректі тоғайлар;
Қалба тауының құрғақ қарағайлары
10. Тянь-Шаньның таулық байырғы, түрлі шөптіастық 7901,4
тұқымдас қайыңдықтары;
Қазақтың шағын адырлы жерлеріндегі құрғақ
қарағайлар
11. Қазақтың шағын адырлы жерлеріндегі шоқ ағашты 9156,6
жас және ылғалды, уақытша өсірілген қайыңдықтар
мен байырғы ылғалды қайыңдықтар, ұзына бойы созылған
қарағайлы тоғайлардың ылғалды және жас қайыңдықтары;
ұзына бойы созылған қарағайлы тоғайлардың аса құрғақ
қарағайлары;
құрғақ мүкті және аршалы балқарағайлар
12. Қазақтың шағын адырлы және аралдардағы қарағайлы 10445,4
тоғайларындағы ылғалды шоқ ағашты көктеректі тоғайлар
мен уақытша өсірілген ылғалды көктеректі тоғайлар;
аралдардағы қарағайлы тоғайлардың аса құрғақ
қарағайлары;
субальпілік көк, қарақоңыр-қылқан жапырақты ормандар,
бұталы майқарағайлар
13. Тянь-Шаньның құрғақ шыршалары және тастағы 11622,2
мүкті-шөпті шыршалар;
ұзына бойы созылған қарағайлы тоғайлардың құрғақ
қарағайлары
14. Қазақтың шағын адырлы жерлерінің және Баян-Қарқаралы 12930,2
тауларының жас және ылғалды қарағайлары;
Қалба тауларының жас қарағайлары
15. Ұзына бойы созылған қарағайлы тоғайлардың су 14449
жайылмалы ормандары;
аралдардағы қарағайлы тоғайлардың құрғақ қарағайлары
16. Түрлі шөпті-астық тұқымдас, тобылғылы, жас және 15932,8
ылғалды балқарағайлар;
жас және ылғалды қайыңдықтар;

ұзына бойы созылған қарағайлы тоғайлардың жас және
ылғалды қарағайлары

17. Көк және жас қарақоңыр-қылқан жапырақты қалың шөпті, 17577
қырыққұлақты және таулы алаптағы майқарағайлар
18. Солтүстік Тянь-Шаньның түрлі шөпті-астық тұқымдас, 19275,4
шетенді-талды, мүкті-шөпті жас және ылғалды
шыршалы ормандары
19. Аралдардағы қарағайлы тоғайлардың жас және ылғалды 21528,4
қарағайлары
-

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің
1994 жылғы 4 сәуірдегі
N 324 қаулысына
N 2 қосымша

Орман шаруашылығының мұқтажына арналмаған
алынған орманды (тоғайлы) жерлердің қорғаныштық категорияларына
жатқызылуына қарай орман шаруашылығы өндірісінің
шығындарын өтеу нормативтерінің
КОЭФФИЦИЕНТІ

Орманды (тоғайлы) жерлер қорғаныштық ! Коэффициенті
категорияларының атауы !

1 ! 2

Далалық шоқ ағаш және бұйратты орман

2

| | |
|--|---|
| Айналадағы ортаны қорғау үшін маңызы бар шөл, шөлейт, далалық, далалық-орманды және аз орманды таулы аудандардағы ормандар | 3 |
| Қалалардың, басқада елді мекендер мен өнеркәсіп орындарының (орман шаруашылығы бөлігі) маңындағы жасыл аймақтар орманы | 3 |
| Курорттардың санитарлық қорғау округтері үшінші аймағының орманы | 3 |
| Ұзына бойы созылған қарағайлы тоғай | 3 |
| Эрозияға қарсы орман | 4 |
| Республикалық және облыстық мақсаттағы темір жолдардың, автомобиль жолдарының жағасындағы ормандардың қорғаныштық алқабы | 4 |
| Мемлекеттік қорғаныштық орман алқабы | 4 |
| Субальпілік орман | 4 |
| Қалалардың, басқа да елді мекендер мен өнеркәсіп орындарының (орман-парк бөлігі) маңындағы жасыл аймақтар орманы | 5 |
| Қала орманы мен орман-парк | 5 |
| Өзендер, көлдер, су қоймалары мен басқа да тоғандардың жағалауындағы ормандардың тыйым салынған алқабы | 5 |
| Сумен жабдықтау көздерінің санитарлық қорғау аймақтары бірінші, екінші белдеулерінің орманы | 5 |
| Курорттардың санитарлық қорғау округтары бірінші, екінші аймақтарының орманы | 5 |

| | |
|---|---|
| Аса бағалы орман массивтері | 5 |
| Жаңғақ кәсіпшілігі аймағы мен жеміс ағаш көшеттерінің орманы | 5 |
| Ғылыми мәні бар ормандар | 5 |
| Ұлттық парктер (қорықтық режимі бар жер учаскелерінсіз) | 5 |

Ескерту:

1. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 30 қыркүйектегі N 978 (3 тармақ) және 1994 жылғы (4 тармақ, N 2 қосымша) қаулыларында белгіленген орман қорының жерлерін алу шарты қойылған кезде осы қаулылардың аталған тармақтарында белгіленген коэффициенттер дәйекті түрде қолданылады.

2. Қорықтық, дендрологиялық және зоологиялық парктердің, ботаникалық бақшалардың, табиғат ескерткіштерінің жерлері; қорықтық режимі бар ұлттық парктердің жер учаскелері; жеміс және орман питомниктері бар, сондай-ақ селекциялық-генетикалық мәні, өсімдіктердің бірегей немесе сирек кездесетін түрлері бар көшеттер мен орман дақылдары, тұрақты ағаш көшеттерінің плантациялары бар жер учаскелері Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1992 жылғы 3 шілдедегі N 1515-ХІІ қаулысымен мемлекеттің және қоғамның мұқтажы үшін алуға жатпайтын ерекше құнды жерлердің, сондай-ақ ерекше қорғалатын табиғи және тарихи-мәдени объектілері бар жерлердің Тізбесіне енгізілген.

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің
1994 жылғы 4 сәуірдегі
N 324 қаулысына
N 3 қосымша

Орман шаруашылығының мұқтажына арналмаған
орман қорының жерлерін алу немесе оларды уақытша ала тұру
барысында шаруашылығы өндірісінің шығындарын өтеуге арналған
қаржы пайдаланылатын жұмыс түрлерінің

ТІЗБЕСІ

1. Қолайсыз жерлер есебінен (жыра-сайлар, орлар, құмдақтар, сортаңдар және басқалар) орманды алқап үшін жаңа жерлерді игеру, игерілетін жерлерді жақсарту жөніндегі жұмыстарды жүргізу.
2. Игерілетін учаскелерге жол салу.
3. Суландыру жүйелерін салу мен жаңғырту, топырақты әктеу, гипстеу, сортаң-тұзды жерлерді шаю, құрғату және басқа мелиорациялық жұмыстар.
4. Эрозияға ұшыраған жерлерде қорғаныштық орман көшеттерін отырғызу, сондай-ақ эрозияға қарсы басқа да шаралар.
5. Қорғаныштық және санитарлық-гигиеналық қызмет атқаратын судан қорғайтын көшеттер мен ағаштар отырғызу.
6. Жасыл аймақтар жасау және рекреациялық ағаштарды көркейту.
7. Орманды жерлердің өнімділігін арттыру, көшеттердің тұқымдық құрамын жақсарту, олардың орман құрайтын тұқымдарының селекциялық-тұқымдық шаруашылық базасын дамыту.
8. Ормандардың өртке қарсы жайын жақсарту және оларды қорғаудың тиімділігін арттыру.
9. Ормандардың өнімділігін және олардың қорғаныштық қасиеттерін арттыруға байланысты ғылыми-зерттеу және жобалау-іздістіру жұмыстары.